


ӨНДІРІСТІК ЛИДЕР ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ДӘЛЕЛДЕНГЕН БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ

Фирма кескіні



FLUOR®

БІЗ FLUOR КОРПОРАЦИЯСЫМЫЗ

Міне осымен 100 жылдай уақыт ішінде біз күрделі міндеттерді шешумен айналысып келеміз.

Fluor корпорациясы жобалау, материалды-техникалық қамсыздандыру, құрылыс, техникамен қамсыздандыру және жобаны басқару салаларында әлемдік жетекші болып табылады. Әлемнің алты бөлшегінде қызмет істей отырып, біз мемлекеттік органдармен және халықаралық компаниялармен біріге жобалау, құрылыс және техникалық қамсыздандыру мәселелері бойынша көптеген едәуір күрделі және тың жобалар шеңберінде белсенді қызмет істейміз.



Біз – ең күрделі міндеттерді шешудегі едәуір техникалық тәжірибесі және қаржы мүмкіндіктері бар компания болып табыламыз. Fluor корпорациясы бүкіл әлем бойынша өз сенімділігімен, жоба графигі мен қаржыға сәйкес, қауіпсіздік және этикалық ережелер талаптарын катаң сақтаумен белгілі. Техникалық қиыншылықтар мен экологиялық аспектілерді назарға ала отырып біздің мәселелерді шешудегі алған тәжірибеміз бізге сенімге кіретін компанияның беделін ғана емес, сонымен қатар тапысырыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Біздің жетістіктеріміз бен үлесіміз бүкіл әлемдегі миллиондаған адамдардың өмір деңгейін өсіру мен экономиканы дамытуға мүмкіндік береді.

БІЗ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШЕМІЗ

Біз толық қызмет спектрын ұсынамыз және кез-келген мәселені шешуге әзірміз.

Тапсырыс берушілер бізге сенеді және олардың активтерін оптимизациялау, бәсекелесу қабылеттігін арттыру және істерінің ұзақ мерзімді табысты дамытуындағы қызметімізбен пайдаланады. Біз дүние жүзіндегі ең қауіпсіз мердігерлердің бірі беделіне иеміз. Біздің басты мақсатымыз жобаларды ең жоғары деңгейде өңдеу, іске асыру және қызмет көрсету.

Біз толық қызмет спектрын ұсынамыз. Біздің компания келесі көрсетілген салаларда жетекші компаниялардың бірі болып келеді:

- Қатаң табиғи-климаттық аудандардағы күрделі жобаларды іске асыру
- Бүкіл әлем бойынша әр-түрлі мамандарды тарттыру
- Стратегиялық маңызды жерлерде орналасқан жобаларды іске асыру орталықтары арқылы инженерлік-техникалық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету
- Халықаралық қамтамасыздандыру желісі мен жергілікті мердігерлерді тарттыру арқылы материалдармен қамтамасыздандыру
- Жұмысты қатаң уақыт шеңбері жағдайында орындау
- Жобаны қаржыландырудың инновациялық және экономикалық нәтижелі кестелерін іске асыру
- Объектінің қызмет ету мерзімі ішінде негізгі қорларды оптимизациялау
- Біріккен өнеркәсіптер және серіктестіктермен басқару



ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП

Егер ғаламшардың шалғай жерінде мұнай немесе газ кен орны ашылған болса, демек біз сол жерде қызмет істеп жатырмыз.

Өз саласының мамандары – біз бірнеше елдерде өз салаларында басшы болып келетін компаниялармен бірлесе қызмет істейміз. Fluor ірі және күрделі жобаларды іске асыру мен жобалау, материалды-техникалық қамсыздандыру, құрылыс және мұнай мен газ өндіру, шығарумен айналысатын кәсіпорындардың техникалық толық қызмет спектрін қамтамсыздандыратын аздаған транснационалдық корпорациялардың бірі болып табылады.

Fluor корпорациясы мұнайды барлау, алу, мұнай өнімдерінің өтімі, химия, нефтехимия және полисиликонды өндіру салаларында қызмет істейтін әр-түрлі тапсырыс берушілерге қызмет көрсетеді. Біздің тәжірибеміз консультациялық қызмет көрсетуге, жаңа технологиялық құрылғыларды, мұнай шығаратын зауыттарды, құрбы жүргізу және теңіз құрылғыларды жобалау мен құрылыс жұмыстарын жүргізуге және де қолданыстағы өнеркәсіп объектілерінің нәтижелілігін арттыру мен модернизациялау бойынша өз қызметін ұсынуға мүмкіндік береді.

Корпорация жөнінде ақпарат



Этиленнің крекингі және TASNEE полиэтиленін шығару жинағы

Аль Джубайл, Сауд Арабиясы

Жобаны басқаруға инновациялық кешенді тәсілді қолдану арқылы Fluor корпорациясы мен TASNEE компаниясы кешен құрылысын ойдағыдай аяқтады. Қуаттылығы жылына 1 000 тонн этилен және жылына 300 мың тонн полиэтилен, бұл объект қауіпсіздік нормаларын сақтаумен, графиктен озып және бастапқы бюджет шеңберінде салынған болатын.

Өнімді дайындау жағалық кешені

Сахалин аралы, Ресей Федерациясы

Fluor корпорациясы Чайво (Сахалин аралы, Ресей Федерациясы) кен орнын өңдеп жатырған «Эксон Нефтегаз Лимитед» компаниясына жобалау, материалды техникалық қамсыздандыру және құрылыс бойынша қызмет көрсетті. Fluor корпорациясы әр-түрлі сағат белдеулерінде жұмыс жүргізумен жобаны тәуліктік іске асыру принципін қолданды, ол жобаны қатаң табиғи-климаттық жағдайларға қарамастан қысқа уақыт мерзімінде аяқтауға мүмкіндік берді.



ӨНДІРІС ЖӘНЕ ИНФРАСТРУКТУРА

Тәжірибе бізге күш береді. Мақсатқа ұмтылыс - табыс әкеледі.

Жоғары сұраныстары бар жобаларға ең жақсының бәрі қажет – пайдалы қазбаларды табу, телекоммуникациялар, өнеркәсіптік өндіріс және биологиялық ғылымдар ғаламдық экономиканың негізі болып табылады. Өсіп жатырған өмір сапасын қалпында сақтау үшін инфраструктуралық және көлік жобаларына, фармацевтикалық және биологиялық кешендеріне үнемі инвестиция қажет. Fluor корпорациясы жаңа объектілердің, желдік электростанциялардың құрылысы және ескірген инфраструктураны модернизациялауға байланысты қызметтерін ұсынады, барлық графиктер мен жобақаржыны сақтаумен жоба шешімін келесі салаларда ұсынады:

- Кен қазу өнеркәсібі
- Желдік электростанциялар
- Жол және рельстік көлікке қызмет көрсетудегі мемлекеттік және жеке секторлар серіктестігі
- Фармацевтикалық және биотехнологиялық өндірістердің кешенді объектілері
- Телекоммуникациялық жүйелер
- Өнеркәсіптік өндіріс қуаты
- Бірнеше функциялық кешендерді, денсаулық сақтау, ғылыми-зерттеулік және тәжірибелі конструкторлық зертханаларды қоса алғандағы коммерциялық және арнаулы мақсаттағы объектілер



BHP Billiton Iron Ore компаниясы

Австралия

Fluor корпорациясы басқарған біріккен кәсіпорын BHP Billiton Iron Ore компаниясына Батыс Австралиядағы жобаларды іске асыру шеңберінде жобалауды басқару, материалды-техникалық қамсыздандыру және құрылыс бойынша өз қызметтерін ұсынады. Rapid Growth топтамасының жобасын іске асыру BHP Billiton компаниясының Пильбара аймағындағы (Батыс Австралия) теміржол тасымалдау, қоймалау, тиеуді қамтитын және темір руданы өндіруде іске асырылған негізгі қорларының белгіленген қуатын арттыруға мүмкіндік береді.

«Грейтер Гэббард» жел электростанциясы

Ұлыбритания

Fluor корпорациясы Ұлыбритания жағасындағы «Грейтер Гэббард» теңіз жел электростанциясының құрылыс жобасын іске асырудағы жобалау, материалды-техникалық қамсыздандыру және құрылыс бойынша өз қызметін ұсынады. Жоба әрқайсысы номиналды қуаты 3,6 МВт 140 желдікті орнатуды қарастырады, бұл ретте салынған объект дүние жүзіндегі ең ірі теңіз желдік энергетикалық станциялардың бірі болады.



ҮКІМЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

Маңызды ресурстарды мобилизациялау. Тез елеу мүмкіндіктері. Бүкіл әлем бойынша жұмыстарды координациялау.

Біз қолдауға әзірміз – Fluor корпорациясы 65 жылдан астам уақыт бойы Америка Құрама Штаттары Үкіметімен және басқа да мемлекеттердің үкімет органдарымен әлем бойынша күрделі жобаларды іске асыру саласында қызмет істеп келеді.

Fluor корпорациясы АҚШ үкіметіне жобалау, материалды-техникалық қамсыздандыру, құрылыс, техникалық қамсыздандыру, төтенше жағдайлар салдарын жою, құрылыс алаңдарындағы жұмысты ұйымдастыру, әр түрлі объектілерді техникалық қамсыздандыру және эксплуатация, қоршаған ортаны қалпына келтіру, радиоактивті материалдарды қолдану және материалды-техникалық қамтамасыз етуде қызмет көрсетеді. Өзінің жобаларды іске асырудағы халықаралық орталық жүйесін пайдалана отырып, Fluor әр түрлі АҚШ үкіметі құрылымдарымен бірге қызмет істейді оның ішінде: Қорғаныс Министрлігі, Энергетика Министрлігі, Ұлттық Қорғаныс Министрлігі, Еңбек Министрлігі және Мемлекеттік департамент. Жұмысымыздың жемістілігін жақын арадағы Fluor корпорациясына LOGCAP IV бағдарламасы шарасындағы жұмыстарды орындау мен ұйымдастыру және Саванна-Ривер алаң құрылысы ұзақ мерзімді келісім шартын жасауы дәлелдейді.

Del-Jep еншілес компаниясының күшімен біз негізгі операцияларды қолдауды қамтамасыздандырамыз және құрылыс, эксплуатация, техникалық қамсыздандыру, мамандарды оқыту және дайындауда қызмет көрсетеміз. Del-Jep компаниясы материалды-техникалық қамсыздандыру, жанармаймен қамсыздандыру, үлкен көлемдегі әр түрлі мемлекеттік объектілерге көліктік қызмет көрсетеді. Оның міндетіне жеткізіп беруді орындау мен басқару, сонымен қатар қолданыстағы әскери базаларға жеткізілген материалдарды сақтау оның ішінде қауіпті материалдармен, оқ дәрілер және техникалық құрылғыларды пайдалану қызметі кіреді. Біздің оперативтік топтың өз қолданысында автомобиль паркі бар және әлемнің жер-жеріндегі әуе, су, жер үстіндегі көліктерді жанармаймен қамтамасыздандыруда қызмет көрсетеді.



LOGCAP IV ПРОГРАММАСЫ

Әр түрлі алаңдар, Афганистан

АҚШ қарулы күштері Fluor корпорациясының қызметін қолданады, атап айтқанда Афганистандағы Біріккен тактикалық топ және Қалпына келтіру жұмыстарындағы Бригадасына базалық және сырт жақ қамсыздандыруда. Біздің міндетіміз материалды-техникалық қамсыздандыру, базалық лагерь құрылысы, баспана, көлік, ас, кір жуу қызметін қамтамасыздандыру және жеке құрамның демалысын ұйымдастыру болып табылады. Біздің мамандар аталған қызметтерді орнында тәулік бойы қамтамасыздандырады және маңызды тапсырманы орындаудағы барлық істерді әскери құрылымдармен координациялайды.

Саванна-Ривер алаңы

Эйкен, Оңтүстік Каролина штаты

Fluor корпорациясы АҚШ Энергетика Министрлігімен іске асырылатын Саванна-Ривер алаңындағы жұмыстарды орындау мен ұйымдастыру жобасына жоғары білікті мамандар тобын құрды. Біздің компания радиоактивті материалдарды қайта өңдеу және сақтау, және осы 310 шаршы миль құратын кешен территориясындағы ядролық және басқа қауіпті қалдықтарды қайта өндіру және іске қосу технологияларына жауапты.



БҮКІЛ ӘЛЕМ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жаңашылдық әрдайым түбегейлі өзгерістерді талап етпейді.

Қызмет көрсету әлемі – иеленген тәжірибеміз бізді кейбір жобалар ерекше әдістемені талап ететініне үйретті. Біздің халықаралық жобаларға қызмет көрсету тобымыз өнеркәсіптік кәсіпорындар мен объектілер иелеріне олардың пайдалану тиімділігін арттырып, күрделі құрылыс жобасын іске асыруда жекеше шешімдерін ұсынады.

Қазіргі кезде 14 000 шамасындағы корпорация қызметкерлері әлем бойынша 300-ден астам объектіде қызмет істейді.

Біздің ұсынатын қызметтер ішінде: техникалық қамсыздандыру және эксплуатация, инженерлік-техникалық қамсыздандыру, кішігірім жобаларды іске асыру, материалды-техникалық қамсыздандыру, жылжымалы техниканы, құрылғыларды және көлік қолдану арқылы шешімдер, мамандарды жинау және басқа да арнаулы қызметтер. Біз сонымен қатар алдын ала жоспарлы жөндеулер, тоқтату және өшіру жұмыстарына қатысамыз.



Eastman Chemical компаниясы

Кингспорт, Тенесси шт

Fluor корпорациясы 40 жыл бойы Eastman компаниясының бөлімі Tennessee Operations Солтүстік Америкадағы ең ірі химиялық өнеркәсіптің бірімен бірге қызмет істеп келеді. Кингспорт қаласындағы қызметіміз күрделі жобаларды іске асыру мен жұмысты орындаудан тұрады және құрылыс, техникалық қамсыздандыру, қойма шаруашылығымен басқару мен жылжымалы техниканың эксплуатациясы мен құрылғыны жөндеуді қамтиды.

Компания Luminant

Техас штатында 20 алаң

Fluor корпорациясы 25 жыл бойы электростанцияның техникалық қамсыздандыру, программаға нұсқау бойынша және құрылғымен қамтамасыздандыруда қызметтерін ұсынады, Luminant компаниясының 20 электростанциясындағы құрылыс және өшіру жұмыстарына қатысады. Бұл электростанциялардың қуаты 18 300 МВт асады. Бүгінгі таңда Fluor корпорациясының 400 астам қызметкерлері Luminant компаниясының объектілерінде қызмет атқарады. Электростанцияның ірі объектілерін өшіру жұмыстары кезінде жұмысқа 1 500 астам адам тартылады.



ЭНЕРГИЯМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Тапсырыс берушілер жаңа энергия көздеріне сұранысты қанағаттандыруда біздің көмегімізге сүйенеді.

Біз әлемді энергиямен қамсыздандыруға көмектесеміз – әлем бойынша электр қуатын пайдалану 2030 жылға қарай екі есе көбейіп және есепке қарай 2,55 млн МВт болады деп күтіледі, сондықтан көмірмен, газбен, ядролық жанармаймен жұмыс істейтін жаңа электрстанцияларына сұраныс өсе түседі. Біз құрылысқа қажет әлемдік энергетикалық шаруашылығындағы жаңа және қазіргі заман объектілерін ұсына алатын аздаған компаниялардың бірі болып келеміз.

Біздің мамандар жаңа генерирленетін электр энергия қуаттарын іске қосуда сақталатын барлық нормативтік құқықтық талаптарды ұстанады. Біздің сонымен қатар қолданыстағы электрстанциялардың өнімділігін арттыру және қолданыстағы электрстанциялардың қызметін ұзартуға бағытталған модернизациялау мен жетілдірулерді іске асыруда едәуір тәжірибеміз бар. Қызметіміздің бес негізгі бағыты:

- Қатаң отында қызмет істейтін электрстанциялар
- Газ арқылы жұмыс жасайтын электрстанциялар немесе көмірдің ішкі газификациялануымен біріктірілген электрстанциялар
- Атомдық электрстанциялар
- Энергетикалық шаруашылық объектілерін модернизациялау
- Қайта өндіру энергия көздері



Джек округіндегі электрстанция құрылысы жобасы

Джекборо, Техас шт

Fluor корпорациясы Brazos Electric Power Cooperative, Inc. компаниясына Джек округіндегі қуаты 620 МВт электрстанциясының 1-ші блогын іске қосу, құрылыс, материалды-техникалық қамсыздандыру және жобалау қызметін көрсетті. Бұл табиғи газ арқылы жасайтын біріктірілген цикл электрстанция құрылыс жобасы мерзімінен 6 ай бұрын аяқталған болатын, осыдан кейін Brazos Electric Power Cooperative, Inc. компаниясы Fluor корпорациясымен аталған электрстанцияның 2-ші блогының құрылысына тағы бір келісім шарт құрды.

E.ON U.S. компаниясының SO₂ шығыстарын бақылау программасы

Гент, Кентукки шт

Kentucky Utilities компаниясы(E.ON U.S. компаниясымен басқарылатын) көмірмен жасайтын электрстанцияның атмосфералық шығыстарында күкіртті газды азайту мәселесін шешуде Fluor корпорациясын таңдады. Біздің міндетімізге түтіндеткіш газдарды күкіртсіздендіру бағдарлама шарасында жобалау, материалды-техникалық қамсыздандыру, технологияны таңдау, құрылыс және іске қосуда қызмет көрсету жатады. Атмосфералық шығыстарды жалпы қолданудағы екі электрстанцияда бақылау жаңа жабдықты қондыру ауаның тазалығын қамтамасыз ететін штатаралық стандарттар талабын орындауға мүмкіндік береді.



Бас кеңсе
Fluor Корпорациясы
6700 Лас Колинас даңғ.
Эрвинг қ, TX 75039 АҚШ
Тел: 1.469.398.7000
www.fluor.com
NYSE: FLR

Fluor корпорациясының әр түрлі аймақтар мен әлемдегі жұмыс тәжірибесі



БЕДЕЛДІ САТЫП АЛУ МҮМКІН ЕМЕС, ОНЫ ТЕК ТАБЫСПЕН АЛУҒА БОЛАДЫ.


Бүкілге танылған салалық лидер – бірнеше жыл бұрын *FORTUNE* журналы Fluor корпорациясын АҚШ және бүкіл әлем бойынша жобалау және құрылыс саласындағы «ең құрметті компаниялардың» бірі ретінде таныды. Және де Fluor корпорациясы 2008 жылы АҚШ-тағы жобалау және құрылыспен айналысатын ең ірі корпорациялар тізімінде 1-ші орынға ие болды.

Әлемнің әр-түрлі аймақтары мен өндірістік салалар бойынша мамандандыру – біздің корпорациямызда әлемнің 60 елінде 42 000 астам адам қызмет істейді. Қазіргі уақытта біз 20 түрлі саладағы 1 000 астам жобаның іске асыруымен айналысып жатырмыз. Уақытпен дәлелденген сенімділік, тәжірибе және қауіпсіздіктің жоғарғы стандарттары біздің бәсекелестік артықшылығымыз болып келеді.

Қаржы тұрақтылығы – жоғары іскери абыройымыз бен қаржы мүмкіндіктеріміз жобалау мен құрылыс саласындағы қаржы жағынан тұрақты компаниялардың бірі болуға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік жауапкершілік және қоғамдық бағыттану – өз еркімен қызметкерлеріміздің қайырымдылық көрсету жұмыстарында тәжірибелі бола отырып, біз қызмет көрсеткен аймақтардың тұрғындарына өмірдің қолайлы жағдайларын құруға ұмтыламыз. Біз сенімділік пен этиканың ең жоғарғы стандарттарын ұстанамыз.

FLUOR[®]

Соя негізіндегі сия қолданған 50%
өңделген қағазда шығарылған. 

© 2009 Fluor Корпорациясы. Барлық құқықтары қорланған.
FLUOR - Fluor корпорациясының тіркелген тауар белгісі.
DEL-JEN - DEL-JEN ИНК-тің тіркелген тауар белгісі.
BRAV039009